«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ, СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫ» ММ «БАДАМША БАЛАЛАР - ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІ» КММ

ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ,СПОРТА И ТУРИЗМА АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ» КГУ «БАДАМШИНСКАЯ ДЕТСКО – ЮНОШЕСКАЯ СПОРТИВНАЯ ШКОЛА»

Бұйрық №31

Бадамша ауылы «05» наурыз 2026 ж

Бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарттарды жасасу үшін Мемлекеттік сатып алу туралы бұйрық және негіздеме

2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (өзгерістері мен толықтыруларымен) 16-бабы 3-тармағының 1), 28), 35) тармақшаларына сәйкес, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуға пайдаланылатын бюджет қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсауды қамтамасыз ету мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

Тапсырыс беруші 2026 жылға арналған қызметтік қажеттіліктерді қамтамасыз ету және бюджет қаражатын уақтылы әрі тиімді игеру мақсатында мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілі арқылы жүзеге асырылсын.

Мемлекеттік сатып алу бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен төмендегі негіздемелерге сәйкес жүргізілсін;

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу және тиісті шарттарды жасасу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылсын.

Бір көзден мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың НЕГІЗДЕМЕСІ;

Тапсырыс беруші мекеменің қызметін үздіксіз қамтамасыз ету және қызметтік міндеттерді уақытылы орындау мақсатында 2026 жылға арналған тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу барысында бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілін қолдану қажеттілігі туындап, бір көзден мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру төмендегі себептермен негізделеді;

*мекеменің күнделікті қызметін қамтамасыз ету қажеттілігі;

*тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша күнделікті, апталық және айлық қажеттіліктерді уақтылы қамтамасыз ету;

*мемлекеттік сатып алу рәсімдерін уақтылы өткізу арқылы мекеме жұмысының үздіксіздігін қамтамасыз ету;

*бюджет қаражатын уақтылы және тиімді игеру қажеттілігі;

*мемлекеттік сатып алу рәсімдерін ұзақ уақыт жүргізу мүмкін болмаған жағдайда қызметтік қажеттіліктерді жедел қамтамасыз ету.

Жеткізушілерді таңдау негіздемесі және жеткізушілерді таңдау кезінде төмендегі критерийлер ескерілді;

*мемлекеттік сатып алу саласында тәжірибесі бар адал жеткізушілердің болуы;

*жеткізушілер тарапынан нақты және толық ақпараттың ұсынылуы;

*бұрын жасалған шарттар бойынша шарттық міндеттемелерді уақтылы орындау тәжірибесі бар;

*жеткізушілердің тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сапалы әрі уақытылы жеткізу қабілеті;

*жеткізушілердің қызметі нәтижесінде тапсырыс берушіге материалдық немесе өзге де залалдың болмауы;

*ұсынылған бағаның нарықтық бағаларға сәйкес келуі.

*Күтілетін нәтиже

*Бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілі арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру:

мекеменің қызметін үздіксіз қамтамасыз етуге;

*қажетті тауарлар мен қызметтерді уақтылы алуға;

*бюджет қаражатын тиімді әрі мақсатты пайдалануға;

*мемлекеттік сатып алу рәсімдерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілі арқылы жүзеге асыру заң талаптарына сәйкес келеді және экономикалық тұрғыдан негізделген.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Бадамша БЖСМ директорының м.а.: **А.Т.Жузбаев**